

Ахметов С., 2 курс магистранты

Куттыбаева Н.Б., доцент, PhD докторы

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

Инвестиция дегеніміз- кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын барлық мүлктік және интеллектуалдық құндылықтар түрлері.

Қаржы нарығы- қаржы ресурсын ұсынушылар мен оны қажет ететіндерді түйістіретін механизм болып, оны қор биржалары сияқты делдалдар көмегімен келісімдер жасалады.

Инвестициялық жобаны қаржылық талдау қаржылық пайда, не зиян әкелетін жобаны қабылдау не қабылдамау жөнінде шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер алуға арналған.

Инвестициялардың тиімділігін анықтау жөніндегі мәселе іс жүзіне келгенде әрбір компания мен әрбір инвесторлардың алдында тұрған үлкен мәселе. Капитал салу немесе өз кәсіпорынына басқа капитал енгізу жөнінде шешім қабылдас бұрын, инвестицияны жоспарлау және талдау әдісін білу шарт. Біздің кәсіпкерлеріміздің бұрын-соңды нарықтық экономикада өмір сүрмегендігі, енді ғана қадам басып жатқандығы баршамызға мәлім. Соған орай олар бұл әдістемені білмейді. Нарықтық қатынастары дамыған елдерде инвестицияларды жоспарлау мен талдау саласында жеткілікті мөлшерде тәжірибе жинақтағандығын ескерсек, біз осы тәжірибені пайдалана білуіміз қажет.

Инвестициялық процесс- бұл ақшаны ұсынатын және ақшаға сұранысы барларды қосатын механизм. Жобаларды тактикалық және стратегиялық деп ажыратады. Статистикалық жобаның қатарына меншік түрін өзгерісін арендалық кәсіпорынды, акционерлік қоғамды, жеке кәсіпорынды, біріккен

кәсіпорындарды және т.с.с. құру немесе өндіріс сипатының түбегейлі жаңа өнім өндірісі, толық автоматтандырылған өндіріске көшу өзгерісін қарастыратын жобаларды жатқызады. Ал тактикалық жобалар шығарылатын өнім көлемінің өзгеруімен, өнім сапасын жоғарлатумен және қондырғыларды жаңартуымен байланысты болады. Бұрынғы тәжірибеде жоба түсінігі жаңа түсінік емес. Бұрынғы уақытта оның айырмашылығы кәсіпорынның дамуының негізгі бағыттарын заң бойынша осы кәсіпорыннан жоғары деңгейде тұрған экономикалық саланың анықтайтын болып табылады. Жаңа экономикалық жағдайларда кәсіпорын яғни оның иелері және жоғары басқару құрамы өз келешектерін барлық стратегиялық және тактикалық мәселелерін өз бетінше шешеді.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау әдістері – инвестициялық жобалардың пайдалылығы мен өтелімділігі перспективасын бағалау мақсатымен капиталдың ұзақ мерзімді жұмсалымының тиімділігін анықтау тәсілдері. Жобаларды бағалау үшін қолданылатын критерийлер басты аспектілерді, оны іске асырудың шарттарын көрсетуге тиіс. Оларды алуан түрлілігіне қарамастан мынадай топтарға бөлуге болады: қаржы-экономика нормативтік критерийлер, ресурстармен қамтамасыз етілу критерийлері. Қаржы-экономика критерийлер – бизнес-жоспарда айқындалатын жобаның құны, ағымдағы таза пайда, пайда мен пайдалылық (инвестициялардың қайтарымы), тиімділіктің ішкі коэффициенті, өтелімділік кезеңі, тағы басқалар. Нормативтік критерийлерге құқықтық талаптар (ұлттық және халықаралық құқық нормалары), стандарттардың, конвенциялардың талаптары, экология талаптар, патент қабілеті және зияткерлік меншік құқықтарын сақтаудың өзге де шарттары жатады. Ресурстық критерийлер жобаның іске асуының әлеуеттік мүмкіндігін айқындайды және олардың мынадай топтарын қамтиды: ғылым-техника ресурстар (қажетті ғылым-техника бөлшектердің, тиісті кәсіптегі және біліктіліктегі мамандардың болуы), өндірістік ресурстар (өнімді өндіру үшін қуаттардың болуы), технология баламалар, қаржы ресурстарының көлемі мен көздері, тағы

басқалар. Ғылым-зертхана және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың орындалуын жеделдетуден болатын нәтижені есептеудің де елеулі мәні бар, өйткені бір жағынан, зерттеулер мен талдамалдар үдерісін жеделдету жобаны іске асырудың осы саласында айтарлықтай шығын жұмсауды талап етеді, екінші жағынан, жаңа тиімді өніммен (тауармен, бұйыммен) рынокқа ертерек шығу мүмкіндігі пайда болады. Әрбір әлеуетті жоба оның елдегі саяси, әлеуметтік жағдайларға сәйкес келуге, олардың өзгеруі мүмкін екендігі тұрғысынан да бағалануға тиіс. Күрделі жұмсалымды бағалаудың ең кең таралған әдістері: өтелімділік әдіс, пайданың жай нормасы әдісі, қаражатты, ағымдағы таза пайданы дисконттау әдісі. Алайда бағалау әдістері мен критерийлерін таңдау жобаның ерекшелігіне, оларда жаңа енгізілімдердің болуына, сала тұрпатына, басқа да бірқатар факторларға байланысты. Түпкілікті шешімді тапсырыс беруші (кәсіпкер) қабылдайды, инвестормен, серіктестермен, контрагенттермен, басқа да мүдделі тұлғалармен келісіледі. Инвестициялар тиімділігін (бухгалтерлікке есепке негізделген) дисконттауды қоспай бағалау әдістері.

Инвестициялық жобаны қаржылық талдау қаржылық пайда не зиян әкелетін жобаны қабылдау, не қабылдамау жөнінде шешім қабылдау үшін қажетті мәліметтер алуға арналған.

Инвестициялардың тиімділігін анықтау жөніндегі мәселе- іс жүзіне келгенде әрбір компания мен әрбір инвесторлардың алдында тұрған үлкен мәселе. Капитал салу немесе өз кәсіпорнына басқа капитал енгізу жөнінде шешім қабылдас бұрын инвестицияны жоспарлау және талдау әдісін білу шарт.

Инвестициялық жобаларды талдауда белгілі бір өндіріске, оның дамуы мен жаңартылуына салынған капитал салымының тиімділігін есептейді. Компания зауыт ашу, жабдық сатып алу жөнінде шешім қабылдар кезде, бүгінгі күрделі салымын келешектегі табыстылық нормасымен салыстыруы тиіс.

Мұндай салыстыруды жасау үшін болашақтағы табыстың бүгін қанша тұратындығын айқындап алу қажет. Бұл үшін инвестициялардан түсетін табыс құнын есептеп, оны инвестиция мөлшерімен салыстыру қажет. Инвестициялардың болашақ құны дегеніміз-бүгін инвестицияланған ақшаның белгілі бір уақыттан соң пайыздық мөлшерлемесіне қарай айналатын сомасы.

Бүгінгі таңда инвестициялық жобаны тұрақты бағамен есептемейді. Бұл үлкен қателіктерге әкеліп соқтырады, өйткені тауарлар мен қызметтердің әртүрлі топтары бойынша инфляция индекстері 1 жыл ішінде елеулі мөлшерде ауытқып отырады. Соған орай, есептеулер инфляция көрсеткіштерін ескере отырып жүргізіледі. Бүгінгі ақша бірлігінің ертеңгі ақшаға тек еместігі, тек инфляцияға ғана байланысты емес. Есептеу барысында төлемдерді кешеуілдету, өнімді өндіру және өткіз уақыты, өндірістік қорларды құру және пайдалану шарттары секілді факторларды есеру қажет.

Жобаның өтелу мерзімі дегеніміз- кәсіпорынның өндірістік қызметінен түскен түсімдердің инвестицияға жұмсалған шығынды өтеу уақыты. Ол әдетте жылмен немесе аймен өлшенеді де, мына формула бойынша анықталады:

$$t_o = I_p / D_g$$

мұндағы t_o - жобаның өтелу мерзімі,

I_p - бастапқы инвестициялар,

D_g - жыл сайынғы табыс.

Инвестициялық қызмет кіріс алу және басқада тиімді пайдаға жету мақсатында практикалық әрекеттердің жүзеге асырылуы және инвестиция салу.

Капиталдық салым салу – негізгі капиталдағы инвестиция (негізгі қаражаттар), оның ішінде жаңа құрылысқа, кеңейтуге, кәсіпорынның әрекетін техникалық қайта қаруландыру және реконструкциялауға, машиналарды сатып алуға, құрал-жабдықтарға, аспаптарға, инвентарларға, жобалық-ізденушілік жұмыстар мен басқада шығындар.

Мемлекеттік инвестиция көздері индустриалды-инновациялық даму саласында жүзеге асырылатын республикалық және жергілікті бюджеттің

қаражаттары болып табылады, сондай-ақ, кәсіпорынның мемлекет бақылауындағы қаражаттары (мемлекеттік қаржылық ұйымды дамыту, ұлттық компания, мемлекеттік кәсіпорын).

Инвестициялық жоба- күрделі жұмсалымның экономикалық мақсатқа лайықтылығын, оның іске асыру көлемі мен мерзімін негіздеу, сондай- ақ инвестицияны іске қосуының тәжірибелік амалын жазу.

Инвестициялық жобаларды қаржылық талдауда, әдетте болашақтағы түсімдерді, бүгінгі деңгейге келтірудің математикалық әдістері қолданылады, ол дисконттау деп аталады және де бүгінгі деңгейді болашақтағыға келтіру үшін өсіру әдісі қолданылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, салынған қаражаттардың тез өтелуін қамтамасыз ететін жобаларға ерекше артықшылық беріледі.

Әдебиеттер:

1. Нәдірбек Әпсәләмов, Қазықан Исабеков, Өмірзақ Сұлтанов “Экономикалық теория негіздері” Алматы ғылым
2. Агентство РК по статистики - <http://www.stat.kz>
3. азақстан Республикасы Ұлттық Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері.